

тивность, отстраненность или отказ от принятия непосредственной ответственности, что уместно далеко не во всех ситуациях.

\* Наибольшая простота в выборе слов и построении предложений принесет аудитории наибольшую пользу.

1. Введенская Л.А., Павлова Л.Г. Риторика и культура речи. - Ростов-на-Дону: Феникс, 2005. - 597 с.

2. Аткинсон М. Выступать легко. - Москва: Альпина Паблишерз, 2011. - 293 с.

3. Культура устной и письменной речи делового человека: Практикум. - Москва: Флинта, Наука, 1997. - 159 с.

\*\*\*

Біз бұл бапқа тыңдаушылар жазбаша сөздерді зорға қа-

былдайтын көрсеткілері келеді. Біздің мақсат – грамматикаға олардың байланысында ауызша және жазбаша сөздің аралығында айырмашылықты қарап шығу, таңдау сөздер және ұсыныстардың құрастыруына. Неткен артықшылық жазба тілде же болатынын, неткен ауызша тіл болғанын бізге салыстырмалы талдау анықтау мүмкіндігі береді.

\*\*\*

In this article we want to show, why listeners perceive writing speech hardly. Our aim - to consider distinctions between the spoken and writing language in their correlation to grammar. Choice of words and construction of suggestions. A comparative analysis will give an opportunity to define, what are advantage at a writing language us, and what at a verbal language. We will make an effort show that ignoring these distinctions between the spoken and writing language, can negatively affect on an audience.

**Б. А. Қырықбаева, Р. Т. Изгуттинова**

## **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ОРЫС БӨЛІМІ СТУДЕНТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ**

Орыс аудиториясында қазақ тілі сабақтарында мәтіндермен жұмыс істеу өте тиімді. Мәтін арқылы оқытудың негізгі мақсаты - студенттерді қазақша еркін сөйлей білуге дағдыландыру, айтар ойын нақты әрі толық жеткізе білуге үйрету, олардың сауатты жазуын қалыптастыру, ойлау қабілетін дамыту.

Студенттердің мәтін арқылы тіл дамыту жұмыстарын жүргізуде оқытушы, әр сабақта түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға, қажетті әдісті дер кезінде пайдалануға, сондай-ақ оқытудың түрлі әдістерін шеберлікпен ұштастырып, байланыстыра білуіне де байланысты. XX ғасырдың басында Ж.Аймауытов: «Сабақ беру үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол-жаңаны табатын өнер», - деген екен [1,75].

Мәтінмен жұмыс бір жағынан студенттердің сөйлеу дағдысымен машығын қалыптастырудың негізі болса, екінші жағынан, тілдік, лексикалық және грамматикалық жақтарының алуан түрлі қыр – сырларын жан – жақты талдап, жинақтай білуге, олардың өзара бірлікте болатынын байқауға мүмкіндік береді.

Студент тілін дамытуда мәтіндердің атқаратын қызметі өте зор. Мәтін -студенттерге білім береді, мәтін - студентті оқуға үйретудің құралы, ол ойын, тілін дамытады, тәрбиелейді, қазақша сөйлеуге үйретеді, өз ойларын ортаға салып, болжамдар жасайды, мәнді және мазмұнды тұжырымдар жасайды. Оқытудың осындай шығармашылық тапсырмаларды орындау

идеяларын ұстанған сабақтарда студенттер өз ойын еркін жеткізуден, әртүрлі пікірлерден қорытынды шығарады. Көрнекті психолог Л.С.Выготский: «Шығармашылық – жаңалық ашатын әрекет», - деген. [2,245].

Осы қызметтерді толық атқару үшін, мәтінге төмендегі талаптар қойылады:

1. Мәтін студенттің жас ерекшелігіне, түсінігіне сәйкес болу керек және дидактиканың жеңілден – ауырға деген принципі бойынша бірте-бірте күрделеніп отырады.

2. Студентке мазмұны қиын мәтін алынбауы дұрыс.

3. Мәтін мазмұны студентті қызықтыратындай болу қажет. Қызықтыратын мәтіндерді студент жақсы меңгереді.

4. Мәтіндердің тәрбиелік мәні болуға тиіс. Достыққа, бірлікке, адамгершілікке тәрбиелейтін мәтіндердің мәні зор.

5. Мәтіндер қазақ халқының мәдениеті мен әдет-ғұрыптарымен таныстыру қызметін атқаруға тиіс. Мәтін студентке сөйлеудің дайын үлгісі. Мәтінмен байланысты жұмыстың бірнеше түрі жүргізіледі. Мысалы, мәтін оқу, аудару, мазмұнын ауызша әңгімелеу, ол үшін жоспар жасау, мазмұндама жазу, сұхбат құрастыру.

Мәтінді оқу тіл дамытуға жатпайтын сияқты болып көрінеді, ол оқу дағдысын қалыптастыруға жатқанымен, оның тіл дамытуға да қатысы бар. Мәтінді қазақ тілінде оқып-үйренумен бірге, студент ондағы сөздерді анық айтуға, сөз

екпінін дұрыс қоюға, сөйлем мәнерін қазақша айтуға дағдыланады.

Мәтінмен жұмыс істеу барысында мынадай кезеңдерге бөлуге болады.

1. Мәтінді оқығанға дейінгі жұмыс.
2. Мәтінмен жұмыс кезеңі.
3. Мәтінді оқығаннан кейінгі кезең.

1. Мәтін алдындағы жаттығулар мен соған сәйкес жұмыс түрлері мынадай бағытта жүргізіледі: тілдік тұлға мен сөйлем үлгілерін мәтінде танып, айыра білу және әртүрлі құрылымдық материалдарды (сөзжасам элементтері, етістіктің жақ, шақ түрлері, т.б.) меңгерту.

Келесі мәтінмен жұмыс кезеңі. Бұл кезеңде мәтіннің тілдік материалы мен құрылымы орындалады. Мәтін ішінен қажет мәліметті бөліп алу, айыра білуге машықтандыру жаттығуларын әртүрлі тәсілмен орындау. Мәтінмен жұмыс былайша ұйымдастырылады: оқығанның мазмұнын айту, мәтін бойынша сұраққа жауап беру, жоспар жасату, бірнеше бөлімге бөліп оқыту, негізгі жанама ойды таптыру, қорытынды жасату.

Шартты түрде алып отырған үшінші кезеңде мәтінді оқып, түсініп, негізгі ойды қазақ тілінде жеткізе білу.

Мәтінді оқығаннан кейінгі жұмыстар:

1. Сөздік жұмыстар
2. Фонетикалық жаттығулар
3. Сөйлем құру
4. Мәтінге жоспар құру
5. Аударым
6. Мәтінге ат қою
7. Сұхбат, ситуация құру
8. Мәтіннің мазмұнын жоспар бойынша айту

Мәтінді оқытудың мынадай түрлерін сабақ үстінде қолданамыз:

1. Дауыстап оқыту арқылы студенттің сөйлеу элементерін меңгергендерін байқауға болады, тағы да бір тиімділігі – студенттер бірінің қатесін бірі естіп және түзетіп отырады.

2. Іштей оқу – бұл жұмыстың мақсаты студенттердің шапшаң оқу дәрежесін анықтау.

3. Мәтінмен жұмыс жүргізу барысында мынандай тапсырма түрлерін ұсынамыз.

#### 1 – тапсырма

Мәтінді түсініп оқып, негізгі ойды анықтау.

Мұнда студенттердің мәтіндегі басты оқиға туралы баяндау дағдыларын қалыптастырады. Мәтіндегі негізгі ой мен оның тақырыбын таба білуге үйрету, яғни « Ойлау болған жерде – тіл де болады».

#### 2 – тапсырма

Мәтінді бөліктерге бөліп, әр бөлімге ат қою немесе жоспар құру.

Жоспар құру, мәтіндегі негізгі ойды өрнектейтін сөздерді табу жұмыстары студенттердің логикалық қабілеттерін дамытады.

#### 3 – тапсырма

Осы мәтінге байланысты мақал – мәтелдер, нақыл сөздер немесе өз пікірлерін айтқызу.

Берілген тапсырманың тәрбиелік мәніне көбірек көңіл бөлеміз. Мәтіндердің тәрбиелік маңызы орасан зор. Ана тілі сабақтарында педагогиканың түбегейлі мақсатын шешуге болады: «оқытып тәрбиелеу, тәрбиелеп оқыту».

#### 4 – тапсырма

Мәтінді өзін жалғастырып айт.

Аяқталмаған мәтінді логикалық ойды бұзбай жалғастырып айту оқушының шеберлігін байқатады, қиялын дамытады.

Осы технологияларды сабақта қолдана отырып мынандай тиімді жақтарының барын байқаймыз.

- әр студент өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады

- студенттің жеке қабілеті айқындалады

- тапсырманың күрделену деңгейіне сәйкес студенттің ойлау қабілеті артады

- әр бала өз деңгейіне, қабілетіне қарай бағаланады

- бір ғана сабақта бірнеше түрлі тапсырмалар орындалады.

Мәтінмен жұмыс істеу оқытушының жан-жақты ізденуін, дайындалуын қажет етеді. Оқытушы барлық жұмыс түрлерін қадағалап отыруы тиіс. Мысалы, оқытушы мәтінді оқи отырып, студенттерге таныс, білетін сөздерді бөліп алып, оларға сөз тіркестерін, сөйлемдерді жазғызады. Студенттер бұл тапсырманы толық орындайды. Жазған сөйлемдерді оқытушы оқытады.

Осы жұмыс түрлерін біз "Құтты қазықтар" деген мәтін арқылы көрсетуді жөн көрдік.

Бір қарияның ер жеткен үш ұлы болыпты. Қартайған шағында малын балаларына еншіге бөліп бергісі келген шал он екі жерге қазық қағады да, бірінші қазыққа бір қой, екіншіге – екі қой, үшіншісіне – үш қой, осы ретпен ең соңғы он екінші қазыққа он екі қой байлайды.

- Ал, балаларым, мына қазықтың бәрі құтты. Осында байланған қойларды үшеуің тең бөліп алындар,- дейді ол балаларына.

- Қазықтардағы қойлар саны бірдей емес қой. Сонда қалай тең бөліп аламыз?- деп қалады үлкен ұлы.

- Әрқайсың төрт қазықтағы қойды ағытып алсаңдар, еншілерің тепе-тең болады,- дейді қария.

Үш бала қазықтарға қарап, біраз ойланып қалады. Ақырында балалардың ең кенжесі малды аралап келіп, үшінші, алтыншы, жетінші және оныншы қазықта байлаулы тұрған қойларды ағытып, бөлек айдап шығады. Кенжетайыма жиырма алты қой тиді, енді сен екеуің еншілеріңді бөліп алыңдар, - дейді шал өзге екі ұлына.

«Қайсымыз қай-қай қазықтардағы қойларды шешіп алсақ екен?» - деп екі жігіт ойланып қалды.

Бұл екеуі қалған сегіз қазықтағы қойларды қалай бөліп алуы мүмкін?

(«Қырық қазына» кітабынан)

Сөздік:

Қазық – кол

Енші-доля в наследстве

Құтты-счастливый

Қой-овца

Ойлау- думать

Шал-старец, старик

Бөлу-делить

Тең-равный

Тапсырмалар:

1-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқыңыздар.

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіздер:

Қарияның неше ұлы болды?

Қария неше қазық қағады?

Қарт адам ұлдарына не дейді?

Кенже ұлы не істейді?

Кенже ұлына неше қой тиеді?

Екі ұлы қалған қойларды қалай бөліп алады?

3-тапсырма. Мәтінге жоспар құрып, мазмұнын айтуға дайындалыңыз.

4-тапсырма. Мәтіндегі етістіктердің шақтарын анықтаңыздар.

5-тапсырма. Жақша ішіндегі сөздерді аударып жазыңыздар.

Бір қарияның ер жеткен (три сына) болыпты. Қартайған шағында малын (детям) еншіге бөліп бергісі келген (старик) он екі жерге (вбил колья), бірінші қазыққа (одну овцу), екіншіге – екі қой, (третий) – үш қой, осы (порядке) ең соңғы (двенадцатому) қазыққа он екі қой (привязал).

Сонымен, мәтін-адамдар арасындағы тілдік қатынас, яғни, адам ойын мәтін арқылы жеткізеді, баяндайды. Мәтін-ойлау, хабарлау, қабылдау, баяндау құбылыстарымен тығыз байланысты, адамдар арасындағы тілдік қатынастың іске асуына негіз болатын жүйелі тұлға [3].

Қорыта айтқанда «Мәтін – сөйлеу процесінің жеңісі». Ол тілді жүйелі қолданудың барысында ғана пайда болады. ЖОО орыс топтарында мәтінмен жұмыс әдіс түрлері көп. Оқытушының таңдап алған әдістернің оң нәтиже беруі осы әдісті дұрыс қодануға байланысты. Бұл тіл үйренушілердің ақыл-ойын, сөйлеу дағдыларын, шығармашылық қабілетін дамытатындай дәрежеде болуы керек әрі студенттерді үнемі ізденістерге жетелеуі тиіс.

1. Аймауытов Ж. Психология. – А. Рауан.1992

2. Выготский Л.С. Педагогическая психология. М.: Педагогика, 1991.

3. Адамбаева Ж. Орыс мектептерінде қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері. Алматы, 1993.

4. Оразбаева Ф. Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі.- Алматы, 2000.

5. Оралбаева Н., Жақсылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы: Ана тілі, 1996.

\* \* \*

В данной статье рассматриваются методы работы над текстом со студентами вузов. Также даются рекомендации по правильному использованию упражнений.

**Б. А. Қырықбаева**

## СТУДЕНТТЕРДІҢ СӨЗДІК ҚОРЫН БАЙЫТУДА МӘТІНМЕН ЖҰМЫСТЫҢ МАҢЫЗЫ

Өзге ұлт өкілдеріне лексиканы оқыту барысында ескерілетін мәселелердің бірі – қазақ тілі сабағында оқытылатын материалдарға (сөз, сөйлем, мәтін) қойылатын талаптарға назар аудару қажет. Олар төмендегідей:

1. Сөздердің актив түрлерінің алынуы;

2. Мәтіннің көлемінің шағындығы;

3. Жұмыс түрлері арасындағы жүйелілік, байланыстылық;

4. Жұмыстардың қызықты түрленуі.

Сөз, сөйлемнен басқа мәтін тілдік тұлға болып есептеледі. Себебі, адам өз ойын сөйлемдер